

**Тақырыбы: Көліктік-коммерциялық қызметтер мен жұмыстар;
көлік қызметінің сапасына қойылатын талптар.**

Жоспары:

1. Көліктік-экспедициялық операциялар.
2. Бірыңғай көліктік жүйе
3. Тасымалдау процессін оперативті-диспетчерлік басқару жүйесі;

1. Көліктік-экспедициялық операциялар.

Көліктік – экспедициялық (операция) кәсіпорын тасымалдауды тездету үшін, жүк жіберуші және жүк алушы кәсіпорындардың көліктік шығындарын азайту үшін арнайы көліктік экспедициялық қызметтер ұйымдастырады. Көліктік экспедициялық кәсіпорындар жүк жөнелтушілерге көліктің түрін таңдау бойынша, жүктерді тасымалдау маршруттарын таңдау бойынша консультациялар беру, жүктерді қабылдау және тапсыру бойынша құжаттарды рәсімдеу, жүктің келгендігі жайлы жүк алушыға хабарлау, жүктерді қоймаларға жеткізу және қоймалардан түрлі көліктерге, жүктерді өз қоймаларында сақтау әртүрлі

көліктерде жүктерді тасымалдау ережелеріне байланысты құжаттарды рәсімдеу әртүрлі көліктерде жүк тасымалдау үшін төлем ақыны ресімдеу, бағалы жүктерді жолда күзету, тұрғындарға көліктік-экспедициялық қызмет көрсету және басқа міндеттерді атқарады.

Көліктің экспедициялық кәсіпорын жүктерді тасымалдауға байланысты барлық процессті қамтамасыз етуді өзіне алу үшін немесе жүк иесінің кейбір тапсырмаларын алу мүмкін. Мұндай операциялар орындау үшін жүк жөнелтуші және жүк алушымен келісім шарттар құрады.

Көліктің –экспедициялық қызметтерді екі түрге, жергілікті және кешенді толық қызметтерге бөлуге болады.

Кәсіпорынның қызмет көрсету сферасы тек бір түрдегі көлікпен тасымалданатын жүктердің жөнелту және келу пунктіндегі, қатынау жолындағы қызметін жергілікті қызмет дейміз.

Кешенді толық қызмет көрсету кәсіпорын бірнеше түрдегі көліктерді қолданып аралас тасымалдаудағы барлық операция және қызметтерді орындайды.

Басқа түрдегі көліктермен жүк тасымалдау. Көліктің – экспедициялық кәсіпорындар және жүк жөнелтуші, жүк алушы мен көліктік кәсіпорындар арасында өзарақатынастарды реттеуші негізгі ережелер болып төмендегілер саналады:

- темір жол бойынша жүк тасымалдау барысындағы темір жол уставы және ережелер.

- Ішкі су көлігі уставы және ішкі су жолдары бойынша жүк тасымалдау барысындағы ережелер.

- Саудалық теңізде жүзу кодексі және теңіз жолдары бойынша жүк тасымалдау барысындағы ережелер.

- Әуе көлігін кодексі және әуе көлігінде жүк тасымалдау барысындағы ережелер.

Темір жолда жүк тасымалдау кіші үлкен және жолаушы жылдамдықтармен жүзеге асырылады. Кіші жылдамдықпен жүк тасымалдау әдетте тауар пойыздарында жүзеге асырылады. Үлкен жылдамдықпен – жылдам тауар пойыздарында, ол жолаушы жылдамдығы жолаушы пойыздарындағы багаж вагондарында жүзеге асырылады.

Жүкті жөнелту уақыты – бір тәулікте орнатылады.

Жүктің жолда жүру уақыты үлкен және жолаушы жылдамдығымен тасымалдау барысында бір тәулік (әрбір 320км) магистраль жолдар бойынша және 175 км бүйір линиялар бойынша тасымалдау кіші жылдамдықпен тасымалдау үшін әрбір 130-200км жолға, бір тәулік орнатылған.

Темір жол бойынша жүктерді тасымалдау жабық вагондарда ашық түрдегі (платформа, жартылай вагондар, жартылай вагон - хопперы) және арнайы вагондар (цистерналар, иозтермикалық цистерналар...) вагондардың жүк көтергіштігі 60-130т.

Темір жол бойынша жүк жөнелту *вагонды және ұсақ партиялық* болып бөлінеді.

Вагондық жөнелту барысында вагонның жүк көтергіштігі мен сыйымдылығы толық пайдаланылады.

Ұсақ партияларды жөнелту құрама вагондарда жүзеге асырылады.

T-жолда тасымалдауға қабылдаған жүк жөнелтушінің және темір-жолдың таңбалары болуға тиіс.

Жөнелтушінің таңбасы ыдыстарға немесе әрбір жеке жөнелту биркаларына қойылады және онда

келесілер болады. жөнелтушінің белгісі немесе орынның реттік номері, станциясы және жолы, жүк алушының аты.

2. Бірыңғай көліктік жүйе дегеніміз - жылжымалы құрамды, қатынау жолдарын, барлық түрдегі көлік құралдарын пайдалануды және басқаруды өзара келісіп ұйымдастыру және халық пен халық шаруашылығының көліктік талаптарын өз уақытында және сапалы етіп орындайтын жүйе. Бірыңғай көліктік жүйенің негізгі көрсеткіштері :

-Жүк ағыны:бір км жолға тура келетін көліктік жұмыс (т.км, пасс.км).

-Жүк тасымалдау:орташа арақашықтығы жүк айналымын тасымалдау көлеміне бөлу арқылы табады. Жолаушы тасымалдау ; жолаушы айналымын жолаушы тасымалдаудың орташа арақашықтығына бөлу арқылы табылады. Жүктерді жеткізу мерзімі арақашықтық пен жылдамдыққа байланысты.

Барлық түрдегі көліктердің жұмысының негізгі көрсеткіші *жүкті жеткізу жылдамдығы* (жолаушы тасымалдауда қатынау жылдамдығы).

-жүк және жолаушы қозғалысының орташа жылдамдығын анықтауда барлық аялдама аралық тоқтаулар есептеледі.

Техникалық жылдамдық - жылжымалы құрамның бүкіл қозғалыстағы орташа жылдамдығы.

Пайдалану жылдамдығы-жылжымалы құрамның аралық және соңғы аялдама/ды есепке алғандағы жылдамдығы.

Тасымалдау құны - бір тенгеге тура келетін көліктік жұмыс бірлігі (тн/т·км, тн/пасс·км) арақашықтық артумен көліктің жұмыс құны төмендейді.

Көлік құралының өнімділігі - оның жүк көтергіштігі және жылдамдығына байланысты.

Орташа тәуліктік жүкпен жүріс - км-ге тура келетін жылжымалы құрамның тәуліктегі пайдалы жұмыс бірлігі.

Жылжымалы құрамның айналу уақыты - көліктің процесстің толық орындалуы үшін кеткен сағаттар немесе тәуліктер саны. Бұл көрсеткіш көлік құралын пайдалану және ұйымдастыру шамасын сипаттайды.

Көлік қызметкерлерінің еңбегінің өнімділігі көлік құралдарының өнімділігіне байланысты. Жүргізушілер

.біліктілігіне, жылжымалы құрамды техникалық баптау мен жөндеуді тетіктендіру және автоматтандыру деңгейіне байланысты.

Бір көліктік жүйеде теміржол алдыңғы орынды алады. Ол жүк айналымының – 60%, жолаушы айналымының 40% орындайды.

1. Теңіз көлігі
2. Әуә көлігі
3. Өзен көлігі
4. Автомобиль көлігі
5. Құбыр өткізгіштер
6. Өнеркәсіптік көлік
7. Қала көлігі

Теміржол көлігі жалпы жүк айналымы – 96%-ін электровоз және тепловоз тартқыштарда орындайды.

Теміржолдың өткізгіштік қабілетін арттыру мақсатында жүк көтергіштігі 9 мың т. поездар пайдаланылады. Мұндай поездар әрбір вагондардан орташа жүк көтергіштігі 125т дан артық цистерналар – 120т, арнайы жартылай вагондар -132т.өзі түсіргіш – вагондар 180т. Темір жолда тасымалдауда контейлерді пайдалану кеңінен жолға қойылған.

Теңіз көлігі бірыңғай көліктік жүйеде жетекші орын иелейді. Руда, көмір, астық, тыңайтқыштарды тасымалдау үшін бір палубалы үлкен судалар пайдаланылады. Ал сұйық жүктерді мұнай, мұнай өнімдері, сұйық азық-түлік, химиялық заттар, сұйытылған газ тасымалдайтын судалар танкерлер дейіледі. Олар үлкен цистерналармен жабдықталған. Сонымен қатар арнайы судалар руда тасымалдаушы, ағаш, тас, көмір тасымалдаушы судалар, рефрижератор, суда – паром пайдаланылады.

Автомобиль көліктері – жалпы пайдалану және ведомствалық болып бөлінеді.

3. Тасымалдау процессін оперативті-диспетчерлік басқару жүйесі;

Диспетчерлік басқарудың негізгі міндеті жылжымалы құрамдарды пайдалану тиімділігін арттыру; көліктік қызмет сапасын жақсарту; жылжымалы құрамдарды линияға шығаруды бақылау; линиядағы автомобильдердің орнатылған қозғалыс графигінің сақталуын бақылау; қозғалыс графигінен ауытқуларды реттеу және орнына келтіру, тапсырыс бойынша жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру.

Тасымалдауды жоспарлау түрлері және олардың мазмұны.

Тасымалдауды жоспарлау преспективалық, аралық және (жылдам) оперативтік болып бөлінеді.

Преспективалық жоспарлау ұзақ мерзімге 5-10 жыл мерзімге тағайындалады. Ол жеке министрліктер бойынша дамуы және өндірістік көлеміне негізделіп құрылады.

Аралық немесе ағымдағы жоспарлау – преспективалық жоспарлау негізінде құрылады.

Автомобиль көлігінің жұмысын жоспарлау – тасымалдау көлемін анықтап алудан басталады.

Оперативтік жоспарлау – айлық, он күндік, тәуліктік, сменалық, сағаттық тапсырма болуы мүмкін.

Жылдық тасымалдау жоспары тасымалдау көлемін кварталдарға бөліп құрылады.

Жылдық, кварталдық және айлық жоспарларда тасымалдау көлемі тонналарда, ал жүк айналымы (АТП үшін), АТП-ның басқа бөлімшелерінде атап айтқанда колонналар, отряд және бригадаларда негізінен орташа пайдалану (коэф) көрсеткіштер алынады. Мысалы: орташа жүк көтергіштік жылжымалы құрамның құрлымына байланысты алынады. Автомобильдің,

орташа линияда болу уақыты – жүгізушілер саны мен клиентура жұмыс тәртібіне байланысты болады. Жүк тасымалдаудың орташа арақашықтықтағы, жүк жөнелтуші мен жүк қабылдаушылардың орналасуына байланысты болады.

Оперативтік жоспарлауда жоспарланатын тасымалдау сипатын (байланысты) сәйкес пайдалану көрсеткіштері қолданылады. Мысалы құм тасымалдау жоспарында, карьердан құрылыс объектіне, бір бағытта тасымалданады, мұнда – жүрісті пайдалану коэф, жүк көтергіштік, тасымалдау арақашықтығы сияқты көрсеткіштер қолданылады, өйткені бұл көрсеткіштер тасымалдаудың негізгі сипаттамасын береді.

АКК-дардың негізгі міндеті клиентураның көлікке болған талабын – еңбек және материалдық шығынсыз қанағаттандыру болып табылады.

Жүктерді тасымалдауды тәуліктік жоспарлау.

Оперативті жоспарлау: жүктерді тасымалдауды тәуліктік жоспарлау, (немесе жүк картасы), тасымалдау маршруттарын дайындау, әрбір жүргізуші үшін тасымалдау бойынша жоспарлық тапсырма беру, автомобильдерді линияға шығаруды жоспарлау және ұйымдастыру. Жол парағын қабылдап алу және қайта

өңдеу, сменалық – тәліктік жоспардың орындалуын жылдам томдау және есептеу жұмыстарын өз ішіне қамтиды.

Сменалық-тәуліктік жоспар – оперативтік жоспарлаудың нақтылы сипаты болып есептеледі. Мұндай жоспарды құру барысында, әртүлі себептермен жұмыс процессінің тоқтап қалуын ескерген жөн, мысалы, тиеу миханизмдерінің бұзылып қалуы, жұмысшылардың болмай қалуы т.б.

Сменалық-тәуліктік жоспар құру; жүк жөнелтуші және жүк қабылдаушының тапсырмасын қабылдаудан басталады. Әрбір АКК-ға тасымалдау жоспарына сәйкес анық клиентуралар бекітілген болады. Олардың арасында алдын ала келісім шарттар түзілген болып, осы келісім шарт негізінде клиенттер тасымалдау бойынша тапсырмалар беріп отырады. Бұл тапсырмалар 5,10, күндік немесе айлық болуы мүмкін. АКК-дар мұнан басқа да клиентуралардың жүктерді тасымалдау бойынша бір мәртелік тапсырмаларды жүзеге асырып отырады.

Тапсырмаларда :

Клинеттің мекен – жайы мен атауы.

АКК-ның штамы мен дөңгелек мөрі болу шарт.

Жол парағының бетінде тапсырыс мөрі, заказшының аталуы, маршрут.(қайдан алу, қайда апарды), тасымалдау арақашықтығы, жүктің аты, жазылған болуы тиіс. Бұлардың бәрін диспечер және картасынан алады. Сонан соң диспечер жүргізушінің жоспарына тапсырмасын құруға кіріседі, онда қатынаулар саны, жүктің тонналардағы шамасы, автомобильдің жалпы жүрісі км-лерде.

Жоспарлық тапсырма құруда қала және қала сыртындағы тасымалдау үшін, жүргізушінің болу уақыты сменадағы уақыттан артпауы қажет. Артық істеу немесе кеш істеу 5-10%(артпауы) рұқсат етілген.

Жүгізушілердің жоспарлық тапсырмаларын құрып болғаннан кейін диспечер, барлық жол парақтары бойынша жалпы тонналар және км-лер санын яғни алынған тасымалдау көлемін АКК-ның тәуліктік тасымалдау жоспарымен салыстырады.

Көліктік қызметтерді орындау процессінде адамдар мен кәсіпорындар бір-бірімен анық қатынастарға түседі. Осы қатынастарды жүзеге асыру үшін кәсіпорын ұжымдары мен адамдар тәртібін реттеуші ережелер мен тәртіптер орнатылады. Мұндай тәртіп ережелерін *құқықтық нормалар* деп атайды.

Құқықтық нормаларды қолдануды және онда орнатылған талаптарды орындауды қамтамасыз ету үшін, бұл нормаларды анық пішінде жазба түрде береді. Осындай құжаттарды *нормативтік актілер* деп атайды және мемлекеттік үкіметтің жоғары органы қолданатын заң түрінде, қаулы, тағы басқа сәйкес департаменттар қолданатын құжаттар (инструкциялар, бұйрық т.б.) түрінде болуы мүмкін.

Автомобиль көлігіндегі негізгі нормативтік акті АҚ уставы, автомобиль көлігінде жолушыларды және бағажды тасымалдау ережелері, автомобиль көлігінде жүктерді тасымалдау ережелері, жолушыларды және бағажды тасымалдауды лицензиялау жөніндегі Ережелер, жол қозғалысы ережелері, автомобиль көлігінің жылжымалы құрамдарын техникалық баптау және жөндеу жөніндегі Ережелер т.б саналады.

Автомобиль көлігі Уставы (Жарғысы) АҚК мен ұйымдардың, автомобиль көлігінің қызметтерін пайдаланатын клиенттердің жұмыстарын реттейді.

Автомобиль көлігінде жүк тасымалдаудың жалпы ережелері келесі бөлімдерден құрылған: Тасымалдау келісімшарттарын құру Ережелері, Жүктерді тасымалдауға қабылдау Ережелері, Жүктерді маркалау

Ережелері, жүктерді қоймада сақтау Ережелері, Жүктердің адресін өзгерту Ережелері, тасымалдау үшін есептесу, жеке түрдегі жүктерді тасымалдау Ережелері.

Автомобиль көлігінде жүк тасымалдау ережелері.

Бекітілген жүк тасымалдау жоспары негізінде АКК, жүк жөнлетуші және жүк алушымен біркелікте, жүктерді автомобиль көлігінде тасымалдауға келісім шарт түзіледі. Жүк жөндетушілер және жүк алушылар (ЖЖ және ЖА) көрсетілген тізімі, - жалпы пайдалану автокөлік жүйесінде (автокөлік басқармасында) ЖЖ немесе ЖА-лар қарасты жоғары тұрған ұйымның қатысуымен түзіледі. Ол жүйесінде, автокөліктік кәсіпорынмен салыстырғанда жоғары тұрған ұйымның қатысуымен құрылады.

1. Жүктерді автомобиль көлігінде тасымалдаудың жылдық келісім шартында орнатылған мерізімде АКК жүкті қабылдап алады, ол ЖЖ жүкті келісілген көлемде тасымалдауға тапсыруы қажет. АКК және ЖЖ арасында тұрақты байланыс болған жағдайларда жылдық келісім шарт келесі жылға ұзартылады.

2. Жүктерді тасымалдауға келісім шарттар АКК мен ЖЖ арасында, төмендегі жағдайларға (түзіледі). ЖЖ-мен түзіледі. Жүктерді темір жол станцияларында,

порттардың әуе жайларыдан, сондай – ақ ауыл шаруашылық өнімдері мен шикізаттарды дайындау пунктеріне, қайта өңдеу кәсіпорына, сақтау орындарына тасымалдауға келісім шарт ЖҚ-мен түзіледі.

3. Келісім шартты, жүктердің номенклатурасы бойынша тасымалдау көлік, тасымалдау шарттары (жүктерді қабылдау; тасымалдау бойынша жұмыс тәртібі, тиеу – түсіру орындау) тасымалдау үшін есептеулер тәртібі, тасымалдаудың тиімді маршруттарын және жүк ағындарының схемасын құру.

4. АКК-2 нұсқада жылдық жоспарды жү жөнелтушіге береді.

Жылдық келісім шарт және ЖЖ тапсырма (өнімі) негізінде тасымалдаудың жылдық жоспарын құрады. Сосын АКК тасымалдау басталмас бұрын (40 күн) кв.

Негізгі әдебиеттер:

1. Бекмагамбетов М.М. Автомобильный транспорт Казахстана, этапы становления и развития. Алматы: Print-S, 2003г.

2. Афансьев А.Л., Островский Н.Б., Цукерберг С.М. Единая транспортная система. М., Транспорт. 1988 – 133.

3. Ходош М.С. Грузовая автомобильная перевозка. М. Транспорт. 1986 г. 203.

4. Палий А.И., Половинщикова З.В. Автомобильные перевозки /сборник задач/. М. Транспорт. 1988 г.- 132.

Қосымша әдебиеттер:

1. Островский Н.Б. Автомобильные пассажирские перевозки. М. Транспорт . 1986 г.- 220.

2. Великанов Д.П. Автомобильные транспортные средства. М Транспорт. –1977 г.

3. Сыртанов С.К. Транспортный комплекс КазССР и некоторые проблемы его развития. КазНИИТИ Алматы-1991г.

4. Транспорт и связь республики Казахстан. Госкомстат РК. Алматы-1993г.